

**ЖШС «Әсет-Әли» бөбекжай балабақшасының өндірістік
кеңес жанындағы кезекті отырысы**

Хаттама №1

Қатысқандар: 13

13.09.2023 ж

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

Тақырыбы: Жаңа оқу жылына дайындық және шарауашылық жұмыстарын ұйымдастыру.

1. Ғимараттардың санитарлық жағдайын тексеру.
2. Балабақшаға жеткізілетін азық-түліктің сапасын талдау.
3. Жаңа оқу жылына қажетті оқу құрал-жабдықтарын толықтыру.

Тыңдалды: Балбақша меңгерушісі Б. Турлыбекова сөз алды. Жаңа оқу жылына дайындық барысында ең басты назар аударатын мәселелердің бірі – ғимараттың санитарлық жағдайы мен балалардың қауіпсіздігі. Санитарлық талаптардың сақталуы – біздің басты міндетіміз. Сонымен қатар балалардың тамақтану сапасына ерекше көңіл бөлуіміз туралы айты.

Балабақша әдіскері Б. Турлыбекова сөз алды: Жаңа оқу жылына қажетті құрал-жабдықтар уақытында жеткізілуін, әр топқа қажетті оқу материалдары мен ойыншықтардың толық болуын қамтамасыз ету және бұл балаладың сапалы білім алып, жан-жақты дамуы үшін маңыздылығын түсіндірді.

Медбике А. Кулжанова өз сөзінде, санитарлық жағдай бойынша ғимаратта бірнеше жерге дезинфекциялық құралдар орнату қажет. Әсіресе асхана мен ойын бөлмелерінде тазалыққа ерекше мән беру қажеттілігін және балалардың денсаулығын сақтау үшін профилактикалық шаралар жиі жүргізілуін атап өтті.

Үшінші мәселе: Балабақаша шаруа меңгерушісі Г. Каракулова сөз алды: Құрал-жабдықтар мен жөндеу жұмыстары бойынша барлығын уақытында орындап, асхана жабдықтарының кейбір бөліктерін ауыстыру қажеттігін айтты.

Келесі мәселе бойынша аспазшы Г. Садықбекова сөз алды. Азық-түлік сапасы жақсы деңгейде, балаларға арналған мәзір талапқа сай екенін атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді.

1. Ғимараттардың санитарлық жағдайын жақсарту үшін қосымша тазалық шаралары жүргізілсін.
2. Азық-түлік жеткізу мәселесі бойынша жаңа жеткізушілермен келісім жасалсын.
3. Қажетті оқу құралдары мен ойыншықтардың жетпейтін бөліктері екі апта ішінде толықтырылсын.

Төрайымы: Б. Турлыбекова
Хатшы: К. Тагаева



**ЖШС «Әсет-Әли» бобекжай балабақшасының өндірістік
кеңес жанындағы кезекті отырысы**

Хаттама №3

Қатысқандар: 12

16.01.2024ж

Тақырыбы: «Тамақтану сапасын бақылау және асхананың санитарлық жағдайы»

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

1. Балалардың тамақтану рационын талдау.
2. Асханадағы санитарлық жағдайларды тексеру
3. Азық-түлік сақтау талаптарын сақтау.

Тындалды. Балабақша меңгерушісі Б. Турлыбекова сөз алды: Балалардың дұрыс тамақтануы-олардың денсаулығы мен дамуының кепілі. Сондықтан асхананың санитарлық жағдайы мен азық-түлік сапасы басты назарда болуы жөнінде айтты.

Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі А. Кулжанова Сөз алды: Асхананың санитарлық жағдайын тексеру барысында барлық нормалардың орындалғанын, бірақ азық-түлік сақтау бөлмелерінің температурасын бақылау қажеттігін, ол тағамдардың сапасын сақтауда маңызды рөл атқаратындығын түсіндірді.

Балабақша шаруа меңгерушісі Г. Каракулова сөз алды: Асхана жабдықтарының барлығы жұмыс істеп тұр, бірақ тоңазытқыш құрылғысының бір бөлігін жөндеу қажет және мұздатқышты жаңарту қажеттігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді.

1. Азық-түлікті сақтау бөлмеінде температура режимін тұрақты бақылау үшін құрылғы орнатылсын.
2. Жеткізушілермен келісім шарттар қайта қаралып, мерзімдер нақты белгіленсін.
3. Асхана жабдықтары уақытысында жөндетілсін.

Торайым Б. Турлыбекова
Хатшы: К. Тагаева



ЖШС «Әсет-Әли» бөбекжай балабақшасының өндірістік
кеңес жанындағы кезекті отырысы

Хаттама №4

Қатысқандар: 14

09.04.2024ж

Тақырыбы: «Көктемгі тазалық және қоршаған ортаны жақсарту жұмыстары»

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

1. Аула мен ғимарат аумағын көгалдандыру
2. Балалармен экологиялық тәрбие жұмыстары.
3. Сенбілік, қоқысты жинау және қайта өңдеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Б. Турлыбекова сөз алды:

Балабақша аумағы балалардың қауіпсіздігі мен эстетикалық көрінісі үшін таза және ұқыпты болуы керек. Көктемгі тазалық жұмыстарын сапалы түрде ұйымдастыру керектігін айтты.

Екінші мәселе бойынша да меңгеруші

-Балаларға экологиялық тәрбие беру үшін арнайы іс-шаралар ұйымдастыруды ұсынамын. Оларға қоқысты сұраптау, ағаш отырғызу сияқты шағын шараларға қатысуға мүмкіндік беру керектігін ескертті.

Шаруа меңгерушісі Г. Каракулова өз сөзінде сенбілік ұйымдастырылып, ауладағы кейбір ағаштарды кесіп ретке келтіру керектігін және олардың орнына жас көшеттер отырғызу қажеттілігін айтты. Сонымен қатар қоқыс жәшіктерін жаңарту керектігін атап айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді.

1. Көктемгі тазалық жұмыстарының жоспары жасалынып, жауапты қызметкерлер тағайындалсын.
2. Балаларға экологиялық іс-шаралар ұйымдастырылсын.
3. Сенбілік уақыты белгіленіп, қоқыс жәшіктері жаңартылсын, ағаш көшеттері отырғызылсын.

Төрайымы **Б. Турлыбекова**
Хатшы: **К. Тагаева**



ЖШС «Әсет-Әли» бөбекжай балабақшасының өндірістік
кеңес жанындағы кезекті отырысы

Хаттама №5

Қатысқандар: 13

12.06. 2024ж

Тақырыбы: Жазғы кезеңдегі қауіпсіздік және демалыс шаралары.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

1. Балалардың жазғы демалыс уақытысындағы қауіпсіздігі.
2. Ашық ауада ұйымдастырылған іс-шаралар
3. Балабақша аумағындағы ойын алаңдарын тексеру.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Б. Турлыбекова сөз алды.

Жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін қадағалау ерекше маңызды. Ойын алаңдары толық тексеріліп, барлық іс-шаралар қауіпсіздік ережелеріне сай ұйымдастырылуы қажеттігі жөнінде айтты.

Екінші мәселе бойынша балалардың демалысын қызықты әрі пайдалы өткізу үшін әртүрлі ойындар мен іс-шаралар жоспарлануы керектігін атап айтты.

Үшінші мәселе бойынша шаруа меңгершісі Г. Каракулова барлық ойын алаңдарын тексеріп жазғы сауықтыру мезгіліне дайындығын бақылап, ескірген құрылғыларды алып тастап жаңарту жұмыстарын жүргізуді ұсынды.

Аспазшы Г. Садыкбекова өз сөзінде, жазғы уақытта балаларға су жеткілікті беру керектігін және сондай-ақ мәзірге жеңіл бірақ нәрлі тағамдар қосатынын мәлімдеді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді.

1. Жазғы сауықтыру жоспары бекітілсін.
2. Балалардың жазғы демалысына арналған әртүрлі ойындар мен іс-шаралар жоспарлансын.
3. Балабақша аумағында ойын алаңдары қатаң тексерілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Б. Турлыбекова

К. Тагаева

